



KAZATOMPROM

NATIONAL ATOMIC COMPANY

**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің
қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы
2018 жыл бойынша есеп**

**Сәуір 2019 ж.
(Нұр-Сұлтан қ.)**

Мазмұны

Кіріспе	3
Негізгі қорытындылар	4
<i>I. Үкімет Қордың акционері ретінде</i>	<i>6</i>
<i>II. Қордың және ұйымдардың өзара әрекеттесуі. Қордың Ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі</i>	<i>10</i>
<i>III. Тұрақты даму</i>	<i>13</i>
<i>IV. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарау</i>	<i>11</i>
<i>V. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі</i>	<i>15</i>
<i>VI. Тәуекелдерді бағалау, ішкі бақылау және аудит</i>	<i>19</i>
<i>VII. Мөлдірлік</i>	<i>20</i>
Қорытынды	4

Кіріспе

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен, № 22/15 хаттама, Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – «Кодекс») дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елуден артық пайызы Қорға тиесілі заңды тұлғалар үшін қолданылуы міндетті корпоративтік стандарт ретінде бекітілді.

Кодекстің мақсаттары Қорда және ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың мөлдірлігін қамтамасыз ету, Қордың және ұйымдардың тиісінше корпоративтік басқару стандарттарын қолдануға бейілділігін растау болып табылады.

Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың ішкі құжаттарына сәйкес, Қазақстанда және әлемде дамудағы оперативтік басқару тәжірибесін, Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылғы 14 қыркүйек № 113) бекітілген Трансформациялау бағдарламасын ескерумен әзірленген. Осы Кодекстің ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған ерекшеліктерді ескерумен қолданылады.

Қор мен ұйымдар осы Кодекстің ережелерін сақтауы, сәйкессіздік болған жағдайда ережелердің әрқайсысының орындалмауының себептері туралы жылдық есепте түсіндірме көрсетулері тиіс. Директорлар кеңесі жекелеген себептер бойынша осы Кодекстің жекелеген ережелерін қолданудың немесе орындаудың мүмкінсіздігі туралы қорытындылар жасай алады. Қор мен ұйымдардың осы Кодексті орындауын бақылау тиісінше Қордың және ұйымдардың директорлар кеңестеріне жүктеледі. Корпоративтік хатшылар мониторинг жүргізеді және Қордың және ұйымдардың директорлар кеңесіне және атқарушы органына осы Кодексті тиісінше орындау сұрақтары бойынша кеңес береді, сонымен қатар жыл сайынғы негізде оның қағидаттары мен ережелерінің орындалуы/орындалмауы туралы жылдық есеп дайындайды. Кейін бұл есеп Директорлар кеңесінің тиісті Комитеттерінің қарауына шығарылады, Директорлар кеңесімен бекітіледі және Қордың және ұйымдардың жылдық есебінің құрамына енгізіледі.

Осы Кодекстің ережелерінің орындалмауы жағдайлары тиісті комитеттердің және директорлар кеңестерінің отырыстарында мұқият қаралып, Қор мен ұйымдарда корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруге бағытталған тиісті шешімдер қабылдануы тиіс.

Кодекстің ережесіне сәйкес, Корпоративтік хатшы қызметі оның қағидаттары мен ережелерінің орындалуы/орындалмауы туралы есеп дайындады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) сонымен қатар Қормен бекітілген әдістемеге сәйкес орындалатын Қоғамның корпоративтік басқару рейтингін жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстар негізінде құрастырылған бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес, сонымен қатар РwC тәуелсіз кеңесшінің Қоғамның IPO-ға шығуы үшін корпоративтік басқару деңгейін сәйкестікке келтіру бойынша ұсыныстарына сәйкес корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жұмысын жүргізеді.

Есеп форматының құрылымы мен нақтылануы Кодекстегідей болып табылады. Есеп кесте форматында ұсынылған, оған жеті секция (Кодекске ұқсастық бойынша) кіреді және олардың әрқайсысының құрылымы мынадай:

- Корпоративтік басқару кодексінің ережелері;
 - Компаниядағы Кодекстің тиісті ережесіне қатысты ағымдағы жағдайдың сипатталуы;
 - Сәйкестілік деңгейі («орындалады» / «жартылай орындалады» / «орындалмайды» / «қолдануға келмейді»);
- Мониторинг жүргізу келесі негізгі қадамдардан тұрды:

- 1) Қоғамның қолда бар ақпаратын жинау.
- 2) Есеп форматын әртүрлі бағыттар бойынша Гар-талдау жүргізу үшін жауапты тұлғалардың Қоғамның ішкі құжаттары мен материалдарын талдаудың және сұхбат барысында алынған ақпараттың негізінде толтыруы.
- 3) Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетімен қаралуы және Директорлар кеңесімен бекітілуі үшін мониторинг нәтижелері туралы есепті шоғырландыру және мүдделі тұлғалардың кең тобы үшін есепті кейіннен Қоғамның жылдық есебінің құрамына кіргізу.


Бұдан әрі Кодекстің әрбір жеке бөлімі бойынша негізгі қорытындылар ұсынылған.

Ескертпе: Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің орындалуы/орындалмауы туралы есеп Қоғамда жыл сайын өткізілетін корпоративтік басқару рейтингін бағалау бойынша есепке байланыстырылмайды, өйткені корпоративтік басқару рейтингін диагностикалау және бағалау тәуелсіз кеңесші әзірлеген және Қормен бекітілген әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады, өз кезегінде ұсынылған есеп тек Кодекстің ғана қағидаттары мен ережелерінің орындалуын/орындалмауын талдау негізінде дайындалған.

Негізгі қорытындылар

Жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес, Қоғамда іс жүзінде Кодекс ережелерінің 87%-ы орындалады, Кодекс ережелерінің келесі 4%-ы жартылай орындалады (себептерін түсіндірумен) және ережелердің 0%-ы қазіргі уақытта орындалмайды. Кодекс ережелерінің 9%-ы Қоғамда қолдануға келмейді.





	Қоғамды бағалау, %	Ережелер саны
Сақталады	87%	404
Жартылай сақталады	4%	19
Сақталмайды	0%	0
Қолдануға келмейді	9%	44
Кодекс ережелерінің жалпы саны		467



Компания тәжірибесіне Корпоративтік басқару кодексі ережелерінің сәйкестігін талдаудың негізгі нәтижелері:




Бұдан әрі Есепте корпоративтік басқарудың Қоғамда қалыптасқан тәжірибесінің Кодекс ережелеріне сәйкестігін нақтылап талдау ұсынылған.



I. Үкімет Қоғам акционері ретінде

Төменде Кодекстің: «Үкімет Қоғамның акционері ретінде» тарауы бойынша нәтижелер ұсынылған.



Талдау нәтижелері бойынша корпоративтік басқарудың Қоғамдағы ағымдағы тәжірибесі бұл тарау бойынша Кодекс талаптарына 46% сәйкес келеді. 48% – тараудың 33 ережесі Қоғамда қолдануға келмейді, өйткені Қордың қызметіне қатысты болып табылады.

Қоғамның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары

- Қоғамның Директорлар кеңесімен 08.02.2018 Қоғамның 2018-2028 жылдарға арналған актуалдандырылған даму стратегиясы бекітілді. Қоғам Даму стратегиясының көрсеткіштеріне қол жеткізу нәтижелері туралы Директорлар кеңесіне жартыжылдық негізде есеп береді. Заңмен, нормативтік-құқықтық актілермен, Компанияның жарғысымен және ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте Қоғам менеджменті өзінің құзыретіне кіретін шешімдер қабылдайды.
- Қоғамның негізгі стратегиялық міндеті – бұл ұзақмерзімдік құнның өсуі және тұрақты даму. Даму стратегиясында анықталған стратегиялық мақсаттар мен міндеттердің негізінде даму жоспарлары (Бизнес-жоспарлар) әзірленеді. Қоғамның және ұйымдардың органдары, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері даму стратегиясына және жарғыға сәйкес әрекет етеді және шешімдер қабылдайды.
- Қоғамның және акционерлердің өзара қарым-қатынастары Компанияның Жарғысымен, АҚ туралы ҚР Заңымен, Қор туралы ҚР Заңымен анықталған.
Қоғамның Жарғысында оның органдары мен олардың құзыреттері анықталған: Акционерлердің жалпы жиналысы, ДК, Басқарма, ІАЖ, сонымен қатар олар тиісті органдар туралы ережелерде тізілген (Директорлар кеңесі туралы ереже, Басқарма туралы ереже, Қоғам ІАЖ туралы ереже және т.б.).
- Компания Корпоративтік этика және комплаенс кодексін (бұдан әрі – «КЭЖК») бекітті (ДК 26.09.2018 ж. бекітілген, хаттама №8/18).
Компанияда КЭЖК мен Компания саясаттарының бұзылғандығы туралы мәліметтер жинауға бағытталған тетіктер бар. Компанияда Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы күрес саясаты бекітілген (Директорлар кеңесімен 30.04.2015 ж. бекітілген, №7/15), сонымен қатар Қоғамда жасырын қоңырау шалу және хат жолдау үшін «жедел желі» мен электрондық мекенжай бар, олар Қоғамның сайтында және Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы күрес саясатында көрсетілген. Қолданыста бар тетік корпоративтік этиканың бұзылуы туралы тікелей Аудит комитетіне хабарлауға мүмкіндік береді. КЭЖК Компанияның жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларына таралады және орындау үшін міндетті болып табылады.
- Компания Омбудсменнің бар болуын қамтамасыз етті, оның міндетіне КЭЖК ережелерін түсіндіру және іскерлік этиканы, заңнаманы немесе Компания саясаттарын бұзумен байланысты жағдайлардың барлығын қарауды ұйымдастыру кіреді. Омбудсмен тәуелсіз болып табылады және іскерлік этика, Компания саясаттарын орындау немесе заңнама облысындағы кез келген сұрақтарды Компания басшылығының және ДК деңгейіне шығару үшін оның мәртебесі мен есептілік деңгейі жоғары болып табылады.

Алайда талдау нәтижелері бойынша Қоғамдағы корпоративтік басқарудың ағымдағы тәжірибесі де Кодекс талаптарына 6% жартылай сәйкес келеді. Қоғамның корпоративтік басқару тәжірибесі қазіргі мезетте Кодекстің төменде көрсетілген талаптарына сәйкес келмейді немесе жартылай сәйкес келеді және басқару тәжірибесін Кодекс ережесімен сәйкестікке келтіру үшін келесі іс-шаралар ұсынылады:

	Кодекстің негізгі талаптарына сәйкессіздік салалары	Түсіндірулер және енгізу үшін іс-шаралар
1.	<p>Қорда және ұйымдарда активтердің оңтайлы құрылымы құрылған болуы тиіс. Қор мен компаниялар өз активтерінің құрылымын және олардың ұйымдастырушылық-құқықтық формаларын барынша жеңілдетуге ұмтылуы тиіс</p>	<p>Кодекске сәйкес, холдингік компания (Қазатомөнеркәсіп) акционерлік қоғам формасында құрыла алады. Осы топ шегіндегі басқа ұйымдардың жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде құрылуы ұсынылады. Бұрын құрылған акционерлік қоғамдарды жауапкершілігі шектеулі қоғамдарға өзгерту туралы сұрақты қарау ұсынылады. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Қоғам ЕТҰ бақылауды жүзеге асырады және кәсіпорынның жарғылық капиталындағы үлестерге иелік етеді – 21; жарғылық капиталда үлестері бар қауымдастырылған компаниялар – 10; бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар – 13; қатысу үлестері бар өзге кәсіпорындар – 4. Қоғамның 46 ЕТҰ ұйымдастырушылық-құқықтық формалары бойынша: ЖШС – 33; АҚ – 5; өзге ұйымдастырушылық-құқықтық формалар (ҚР резиденті еместер) – 8.</p> <p>Қазіргі уақытта бизнесті трансформациялау және активтерді қайта құрылымдау бағдарламасының шеңберінде Қоғам негізгі (бейінді) қызметті бөліп шығару, активтердің құрылымын жеңілдету, ҚР аумағында жеке кәсіпкерлікпен бәсекелестікті болдырмау үшін қызмет аясынан шығу мақсатында жұмыс жүргізуде. Сонымен бірге, Қоғам бейінді емес активтерді өткізу бойынша жұмысты жоспарлы түрде жүргізуде.</p> <p>Тәуекелдерді және экономикалық әсерді талдау нәтижелерінің негізінде, Қоғамның уәкілетті органдары барлық қажетті шешімдерді қабылдаған жағдайда, ЖШС-ға қайта құруды өткізу үшін АҚ басқа қатысушыларымен келіссөздер жүргізу мүмкін. Бұл іс-шаралар сонымен қатар ортамерзімді кезеңге арналған Қайта құрылымдау жоспарымен қарастырылуы тиіс.</p>
2.	<p>Ұйымдар өз қызметтерін өздерінің негізгі (бейінді) қызметі шеңберінде жүзеге асырады. Қызметтің жаңа түрлерін жүзеге асыру осы нарықта бәсекелестік жоқ болған жағдайда немесе Қор мен ұйымдардың қатысуы шағын және орта бизнесті дамытуға ықпал ететін жағдайларда жол беріледі</p>	<p>2015 жылдың бірінші тоқсанында тәуелсіз кеңесші жүргізген талдау нәтижелері бойынша, бизнесті трансформациялау бағдарламасының шеңберінде жекелеген ЕТҰ-лардың өз қызметін бәсекелес ортада жүзеге асырып жатқандығы айқындалды. Қазіргі уақытта бизнесті трансформациялау бағдарламасының шеңберінде Қоғам негізгі (бейінді) қызметті бөліп шығару, активтердің құрылымын жеңілдету, ҚР аумағында жеке кәсіпкерлікпен бәсекелестікті болдырмау үшін қызмет аясынан шығу мақсатында Қоғам активтерін қайта құрылымдау бойынша Іс-шаралар жоспарын іске асыруда. Сонымен бірге, 2013 жылдан бастап Қоғам бейінді емес активтерді конкурстық негізде бәсекелес ортаға өткізу бойынша жұмыс жүргізуде.</p>

3.	<p>Қор ұйымдарында акциялардың (қатысу үлестерінің) бақылау топтамаларының бар болуы және сақталуы ұсынылады</p>	<p>Қоғамның 46 ЕТҰ-ның 5-і акционерлік қоғам (АК) болып табылады, олардағы Қоғамның акциялар тобының мөлшері 40%-дан бастап, 100%-ға дейін құрайды. 33-і қатысу үлестері 5%-дан бастап 100%-ға дейін құрайтын (оның ішінде 50% және одан көп үлесімен – 21; 50%-дан кем үлесімен – 12) жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) болып табылады. Басқа компаниялардың (ҚР резиденттері емес) акциялар тобының және қатысу үлестерінің мөлшері 10 - 100% құрайды (оның ішінде 50% және одан көп үлесімен – 3; 50%-дан кем үлесімен – 4).</p> <p>Бақыланатын қатысу үлестерін сатып алу жөнінде Қоғамның басқа қатысушыларымен келіссөздер жүргізу мүмкін. Бұл іс-шаралар сонымен қатар ортамерзімдік кезеңге арналған Қайта құрылымдау жоспарында қарастырылуы тиіс.</p>
4.	<p>Болжамды бұзушылықтар туралы хабарламалар тікелей Қордың ІАЖ-не немесе Директорлар кеңесіне жолдануы тиіс. Атқарушы орган мен оның барлық құрылымдық бөлімшелері, қауіпсіздік қызметін қоса, болжамды бұзушылықтар туралы хабарламаларды Қордың ІАЖ-не немесе Директорлар кеңесіне беруге кедергі жасамуы тиіс</p>	<p>Қоғам Омбудсмен қызметін және Комплаенс қызметін қамтамасыз етті, оның міндетіне КЭКК ережелерін түсіндіру және іскерлік этиканы, заңнаманы немесе Компания саясаттарын бұзумен байланысты жағдайлардың барлығын қарау кіреді.</p> <p>Омбудсмен және Комплаенс қызметі тәуелсіз болып табылады және іскерлік этика, Компания саясаттарын немесе заңнаманы орындау облысындағы кез келген сұрақтарды Компания басшылығының және ДҚ деңгейіне шығару үшін оның мәртебесі мен есептілік деңгейі жоғары болып табылады.</p> <p>Компанияда КЭКК-тің және Компания саясаттарының бұзылғандығы туралы мәліметтер жинауға бағытталған тетіктер бар. Компания Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы күрес саясаты бекітілген (Директорлар кеңесімен 30.04.2015 ж. бекітілген, №7/15), сонымен қатар омбудсменде жасырын қоңырау шалу мен хат жолдау үшін «жедел желі» және электрондық мекенжай бар, олар Қоғамның сайтында және Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы күрес саясатында көрсетілген. Қолданыста бар тетік корпоративтік этиканың бұзылуы туралы тікелей Аудит комитетіне хабарлауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бұл функционал, КБК-не сәйкес, ІАЖ-ға жүктелген.</p> <p>Мұндай функциялардың Омбудсменге және Қоғамның Комплаенс қызметіне бекітілуіне қатысты Кодекске тиісті өзгертулер енгізілуіне Қоғам қайтадан бастамашылық етуі тиіс.</p>

Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкессіздікке қатысты Қоғамға ықтимал теріс ықпал

1.	<p>Қоғамның ЕТҰ-да, соның ішінде өндіруші кәсіпорындарда, бақыланатын акциялар тобының (қатысу үлестерінің) жоқ болуы өткізу нарықтарына, өндіріс көлемдеріне бақылауды жоғалту тәуекеліне, Қоғамның әлемдік нарықтағы үлесінің және оның салдары ретінде әлемдік нарықтағы бағаға ықпал ету мүмкіндігінің төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар ЕТҰ-дан дивидендтерді толық (жоспарланған) емес көлемде алу тәуекелі бар.</p>
2.	<p>Кодекс ережелерінің Қоғамның басқа ішкі құжаттарымен сәйкессіздігі акционерлерді де, сонымен қатар ықтимал инвесторларды да жаңылыстыруы мүмкін.</p>

I. Қордағы және ұйымдардағы Корпоративтік басқару жүйесі. Қордың Ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі



Төменде Кодекстің: «Қордағы және ұйымдардағы Корпоративтік басқару жүйесі. Қордың Ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі» тарауы бойынша талдау нәтижелері көрсетілген.

Талдау нәтижелері бойынша Компаниядағы корпоративтік басқарудың ағымдағы іс-тәжірибесі Кодекс талаптарына бұл тарау бойынша 94% сәйкес келеді. 6% – IPO-ға және оның салдары ретінде Қордың Қоғамның жалғыз акционері мәртебесін жоғалтуына байланысты, тараудың 2 ережесі Қоғамда пайдалануға келмейді.

Компанияның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары


1. Қоғамда және ұйымдарда органдар мен құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, сонымен қатар тиісті позициялар үшін лауазымдық нұсқаулықтар бекітілген. Бұл құжаттардың ережелерін сақтау корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен бірізділігін қамтамасыз етеді.
2. Қор жыл сайын Қоғамның Директорлар кеңесіне және Директорлар кеңесіндегі Қор өкілдеріне алдағы қаржы жылына акционердің күтулерін жолдайды. Күтулер көрсетілген хат Директорлар кеңесінде қаралғаннан кейін Қоғам Басқармасы акционердің күтулерін іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарын бекітеді.
3. Қор Қоғамды басқаруға акционердің (қатысушының) функцияларын іске асыру арқылы, сонымен қатар Директорлар кеңесі арқылы компаниялардың жарғыларында және Кодексте анықталған тәртіпте қатысады.
4. Компанияның Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде ортамерзімдік даму жоспарын (Бизнес-жоспарды) орындау, ҚНҚ, мүдделіліктермен мәмілелер сұрақтарына арналған отырыс өткізеді, олар бойынша шешімдерді Қоғамның Басқармасы қабылдайды. ДК Стратегияны және бюджет, ҚНҚ, инвестициялық және қаржылық жоспарлар кіретін даму жоспарын (Бизнес-жоспарды) іске асыру нәтижелерін қарайды.
5. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның жарғысымен белгіленген өз құзыретінің шеңберінде шешімдер қабылдауда толық дербестікке ие.

Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкессіздікке қатысты Компанияға ықтимал теріс ықпал

Жоқ.

III. Тұрақты даму

Төменде Кодекстің «Тұрақты даму» тарауы бойынша талдау нәтижелері берілген.



Талдау нәтижелері бойынша Қоғамда корпоративтік басқарудың осы тарау бойынша ағымдағы тәжірибесі Кодекс талаптарына 99% сәйкес келеді.

Соның ішінде, Қоғам Кодекстің келесі негізгі талаптарын орындайды:

Компанияның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Басқармасының 20.03.2018 ж. № 53 шешімімен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ стейкхолдерлерінің картасы бекітілді. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Басқармасының 28.12.2018 жылғы № 310 шешімімен Стейкхолдерлер картасына интеграцияланған жылдық есеп бойынша кері байланыс процесін реттейтін толықтырулар енгізілді.

1. Директорлар кеңесімен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік облысындағы 2015-2019 жылдарға арналған Тұрақты даму бағдарламасы бекітілді (18.05.2016 ж. № 3/17 хаттама), Қоғамның Директорлар кеңесімен корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты бекітілген (30.03.2015 хаттама).

2. Қоғамның Директорлар кеңесі мүдделі тараптардың барлығын тарта отырып, тоқсан сайын даму жоспарының (Бизнес-жоспар) орындалуы сұрақтарына арналған отырыс өткізеді және жыл сайын даму стратегиясының іске асырылуы сұрақтарына арналған отырыс өткізеді. Қоғам қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде Директорлар кеңесі Қоғамды ұқсас компаниялармен салыстырады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мүдделі тараптарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы ақпараттандыру бойынша шараларды қарастырады.


4. Қоғам жыл сайын Тұрақты даму бойынша бөлімі бар Жылдық есеп (интеграцияланған жылдық есеп) жариялайды.

Алайда талдау нәтижелері бойынша Қоғамда корпоративтік басқару іс-тәжірибесі де Кодекс талаптарына 1% сәйкес келеді. Қоғамда корпоративтік басқару іс-тәжірибесі қазіргі мезетте Кодекстің төменде көрсетілген негізгі талаптары бойынша жартылай орындалады және корпоративтік басқару іс-тәжірибесін Кодекс талаптарына сәйкестікке келтіру үшін келесі іс-шаралар ұсынылады:

	<i>Кодекстің негізгі талаптарына жартылай сәйкестік және толық сәйкессіздік салалары</i>	<i>Түсіндірулер және енгізу үшін іс-шаралар</i>
1.	Қор биржасында акцияларына баға белгіленетін қор, компаниялар мен ұйымдар қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, жыл сайын тұрақты даму туралы есептілік әзірлейді және жариялайды	Қоғам интеграцияланған жылдық есепке тиісті тарау енгізуді жоспарлап отыр. Ақпаратты ашып көрсету сұрақтары листинг қағидаларын сақтау шеңберінде маңызды талап болып табылады, осыған байланысты Қоғам тиісті ішкі құжаттарды актуалдандырды және әзірледі және инвесторлармен жұмыс істеу бойынша жауапты бөлімше құрылды. Қазіргі мезетте тұрақты даму бойынша есеп Қоғамның интеграцияланған есебінде оның бір бөлімі ретінде бар. Кодекс нормаларын сөзбе-сөз түсіндіруден шыға отырып, Қоғамға тұрақты даму туралы есепті бөлек құжат ретінде қарастыру және оны Қоғамның интернет сайтында жариялау ұсынылады
<i>Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкессіздікке қатысты Компанияға ықтимал теріс ықпал</i>		
1.	Қоғамның интеграцияланған жылдық есебінде тиісті бөлімнің бар екендігін назарға ала отырып, теріс ықпал барынша аз.	

IV. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарау

Төменде Кодекстің «Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарау» тарауы бойынша талдау нәтижелері берілген.



Талдау нәтижелері бойынша Қоғамда корпоративтік басқарудың осы тарау бойынша ағымдағы тәжірибесі Кодекс талаптарына 81% сәйкес келеді.

Соның ішінде, Компания Кодекстің келесі негізгі талаптарын орындайды:

Компанияның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары

Акционерлер (қатысушылар) мен инвесторлар ұйымның қызметі туралы ақпаратты мынадай жолдар арқылы алады:

1) жылдық есеп, оған, соның ішінде Директорлар кеңесінің есебі мен аудиттелген жылдық қаржылық есептілік кіреді (бұл тармақтың нормалары аудиттелген есептілік бойынша қолданылады, егер жылдық қаржылық есептіліктің аудитін өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе ұйымның ішкі құжаттарымен қарастырылған болса);

1. 2) ұйымның қызметі туралы актуалды ақпарат көрініс тапқан акционерлер (қатысушылар) туралы бөлім бар ұйымның интернет-ресурсы;

3) ақпаратты және құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен, құрылтайшылық және ішкі құжаттармен белгіленген тәртіпте ұйымға сұраным жолдау арқылы алу мүмкіндігі;

4) ұйыммен таратылатын баспасөз хабарламасы мен өзге ақпараттық материалдар;

5) ұйым өткізетін брифингтер;

6) ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес өзге тәсілдермен.

2. Алынған пайданы тиімді пайдалану мақсатында ұйымда дивидендтер мөлшерін анықтаудың және төлеудің айқын және мөлдір тетігі анықталған (Қоғамның дивидендтік саясаты).

3. Дивидендтер акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) шешімімен белгіленген мерзімде төленеді.

4. Қоғамда Инвесторлармен жұмыс істеу басқармасы бар, оның функцияларына инвесторлармен байланысты қолдау, акционерлердің сұрақтарына уақытылы және сапалы жауап ұсынуды қамтамасыз ету кіреді.

Талдау нәтижелері бойынша Қоғамда корпоративтік басқару іс-тәжірибесі осы тарау бойынша Кодекс талаптарына 15%-ға толық көлемде сәйкес келмейді. Негізгі сәйкессіздіктер Акционерлердің жалпы жиналысы жұмысының регламентін, институционалдық инвесторларға талаптар белгілеуді және Қоғамның дивидендтік саяатындағы кейбір дәлдеулерді нақтылаумен байланысты.

	<i>Кодекстің негізгі талаптарына жартылай сәйкестік және толық сәйкессіздік салалары</i>	<i>Түсіндірулер және енгізу үшін іс-шаралар</i>
1.	Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын өткізу тәртібі мен процедурасы барлық акционерлерге (қатысушыларға) бірдей қарауды қамтамасыз етуі тиіс. Корпоративтік процедуралар дауыс беру процедурасын негізсіз күрделендірмеуі немесе салмақ салмауы тиіс.	Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысының жұмысының тиісті регламентін/ережелерін әзірлейді.
2.	Сенім артылған тұлға ретінде әрекет ететін институционалды инвесторлар олар жүзеге асырған инвестицияларға қатысты меншік құқығына ықпал етуі мүмкін елеулі мүдделер қақтығысын өздерінің қалай шешіп жатқандығы туралы хабарлаулары тиіс. Институционалды инвестор деп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыру мақсатымен қаражат тартатын заңды тұлға, мысалы, кейіннен әртүрлі қаржылық құралдарға (сақтандыру және зейнетақы қорлары, инвестициялық компаниялар) инвестициялау үшін халықтың бос қаражатын жинақтайтын ірі қаржы ұйымдары, компаниялар немесе кәсіпорындар, түсініледі.	Мұндай норма (акционердің міндеттері) Қоғам Жарғысының 26-тармағымен қарастырылмаған. Қоғамның Қоғам Жарғысына тиісті түзетулер енгізу және институционалды инвесторлардан кері байланыс алу мүмкіндігін қарастыруы тиіс.
3.	Институционалды инвесторлар ұйымдарда акциялар (қатысу үлестерін) сатып алған жағдайда, ұйымдардың тұрақтылығы мен орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында сенімді тұлға ретінде әрекет етуші институционалды инвесторлар өздерінің корпоративтік басқару саясаттары мен олардың инвестициялық қызметті жүзеге асыруының регламентін, инвестордың компаниясында қолданыстағы шешімдер қабылдау процедурасын қоса, ашып көрсетулері тиіс. Институционалды инвестор деп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыру мақсатымен қаражат тартатын заңды тұлға, мысалы, кейіннен әртүрлі қаржылық құралдарға (сақтандыру және зейнетақы қорлары, инвестициялық компаниялар) инвестициялау үшін халықтың бос қаражатын жинақтайтын ірі қаржы ұйымдары, компаниялар немесе кәсіпорындар, түсініледі.	Мұндай норма (акционердің міндеттері) Қоғам Жарғысының 26-тармағымен қарастырылмаған. Сонымен бірге кейбір институционалды инвесторлардың интернет-сайттарында мұндай ақпарат орналастырылған. Қоғамның Қоғам Жарғысына тиісті түзетулер енгізу және институционалды инвесторлардан кері байланыс алу мүмкіндігін қарастыруы тиіс.
4.	Ұйым акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының маңыздылығы ұйымды басқаруға қатысатын барлық лауазымды тұлғалардың міндетті түрде қатысуын топшылайды	Қоғамның Жарғысына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысына шақырылған тұлғалар қатыса алады, олар жиналыс төрағасының рұқсатымен отырыста сөз сөйлеуге құқылы. Сонымен бірге, мұндай отырысқа барлық лауазымды тұлғалардың міндетті түрде қатысуы қарастырылмаған. Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысының жұмысының тиісті регламентін/ережесін әзірлеуі және бекітуі тиіс.

5.	<p>Ұйымда акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының жұмыс істеу регламенті әзірленген болуы тиіс, онда күн тәртібіндегі сұрақтарды тиісінше талқылау және шешімдер қабылдау, лауазымды тұлғалардың сөз сөйлеу мүмкіндігі және өзге сұрақтар қарастырылған акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын өткізу тәртібі анықталады</p>	<p>Акционерлердің жалпы жиналысының жұмысының нақтыланған регламенті Қоғамда әзірлену сатысында. Заңнаманың және Қоғам Жарғысының қолданыстағы ережелері Акционерлердің жалпы жиналысына өз қызметін Қоғам акционерлерінің құқықтарына нұқсан келтірмей жүзеге асыруына мүмкіндік береді.</p>
6.	<p>Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысында дауыс беру процесі ұйым Жарғысының ережелерін ескерумен дауыс берудің барлық мүмкін тәсілдерін пайдаланумен акционер (қатысушы) үшін барынша қарапайым және ыңғайлы болуы тиіс</p>	<p>Дауыс берудің нақтыланған процесін Қоғамның тиісті ішкі құжатында регламенттеу жоспарланып отыр. Қазіргі мезетте Қоғам қолданылатын заңнама мен Қоғам Жарғысының ережелерін басшылыққа алады.</p>
7.	<p>Құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуді ескерумен, Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының тиісті материалдарын, акционерлермен (қатысушылармен) және инвесторлармен өзара әрекеттесу үшін жауапты тұлғалардың байланыс ақпаратын (телефон, электрондық пошта мекенжайы) көрсетіп, ұйымның интернет-ресурсында орналастыру ұсынылады</p>	<p>Құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуді ескерумен, Акционерлердің жалпы жиналысының тиісті материалдарын ұйымның интернет-ресурсында орналастыру сұрағы Қоғамда пысықталуда. Бұл норманы жүзеге асыру үшін Қоғамның қажетті ресурстары бар, сонымен бірге 2018 жылы Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген жоқ.</p>

Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкессіздікке қатысты Компанияға ықтимал теріс ықпал

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының жұмысының нақтыланған регламентінің болмауы Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы барысында заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен реттелмеген тұстары бойынша қиыншылықтарға әкелуі мүмкін, бұл акционерлердің олардың құқықтарын сақтауға сенімін төмендетуі мүмкін.

V. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі

Төменде Кодекстің «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» тарауы бойынша талдау нәтижелері берілген:



Талдау нәтижелері бойынша Қоғамда корпоративтік басқарудың осы тарау бойынша ағымдағы тәжірибесі Кодекс талаптарына 92% сәйкес келеді. Соның ішінде, Қоғам Кодекстің келесі негізгі талаптарын орындайды:

Компанияның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары

1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Ережесіне сәйкес, Директорлар кеңесінің мүшелері акционер (акционерлер) алдындағы фидуциарлық міндеттерді қоса, Директорлар кеңесінің мүшесі міндетін орындау үшін және қабылданатын шешімдер үшін, өз қызметінің тиімділігі, әрекеті және/немесе әрекетсіздігі үшін дербес жауапкершілікте болады.
2. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі кейін қайта сайлау құқығымен үш жылдан аспайды, бұл Компанияның Жарғысында және Директорлар кеңесінің Ережесі мен Кодексте бекітілген.
3. Қоғамның Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде ұйым мүддесінде және барлық акционерлерге әділ қарауды және тұрақты даму қағидаттарын ескерумен тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін машықтар, тәжірибе мен білімдер теңгерімі сақталуы тиіс.
4. Бірнеше акционерлерден тұратын ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелері мен Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау процесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және ұйымның Жарғысымен анықталған тәртіпте жүзеге асырылады. Көрсетілген ұйымдарда ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетін Директорлар кеңесінің құрамын, қажетті машықтары мен құзыреттерін және Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды анықтауға тарту ұсынылады.
5. Үкімет мүшелерінің, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуына жол берілмейді.
6. Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесінің комитеттерінің және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің қызметін бағалау жыл сайын және әрбір жыл сайын тәуелсіз кеңесшіні тартумен жүргізіледі.
7. Компания Корпоративтік қақтығыстарды және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ мүдделерінің қақтығысын реттеу ережесін бекітті (ДК 10.03.2011 ж. бекітілген, хаттама №2/11), ол мүдделер қақтығысы түсінігін, болуы мүмкін мүдделер қақтығысы оқиғаларының тізілімін анықтайды, компанияның атқарушы органдарының мүшелерінің және басқа жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу процедурасын бекітеді, ол іс жүзінде жүзеге асырылады.

Алайда Талдау нәтижелері бойынша Қоғамда корпоративтік басқару іс-тәжірибесі Кодекс талаптарына 5% жартылай сәйкес келеді. Қоғам қазіргі мезетте жаңа Кодекстің төменде көрсетілген негізгі талаптарына жартылай сәйкес келеді және корпоративтік басқару іс-тәжірибесін Кодекстің ережесіне сәйкестікке келтіру үшін келесі іс-шараларды ұсынады:

	<i>Кодекс талаптарына сәйкестіктің негізгі салалары</i>	<i>Түсіндірулер және енгізу үшін іс-шаралар</i>
1.	<p>Қосымша ірі акционерлер (жалғыз акционер) Директорлар кеңесінің төрағасымен және мүшелерімен даму стратегиясы, атқарушы органның бірінші басшысын сайлау сұрақтарын, ұйымның ұзақмерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына ықпал ететін және басқа аспектілерді талқылау үшін отырыстар өткізе алады. Мұндай отырыстар алдын ала жоспарланады және бекітілген процедураларға сәйкес өткізіледі</p>	<p>Қажет болған жағдайда «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері Директорлар кеңесінің Төрағасымен және мүшелерімен даму стратегиясы, атқарушы органның бірінші басшысын сайлау мәселесін, ұйымның ұзақмерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына ықпал ететін және басқа аспектілерді талқылау үшін отырыстар өткізді. Мұндай отырыстар алдын ала жоспарланады және бекітілген процедураларға сәйкес өткізіледі. Сонымен бірге, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы мүшелерінің Қоғамның ДК мүшелерімен отырыстары әжептәуір сирек және жүйелі емес болды. Директорлар кеңесі мүшелерінің «Самұрық-Қазына» АҚ басшылығымен және Қоғамның басқа ірі акционерлерімен жыл сайынғы негізде Қоғаммен әзірленген және ірі акционерлермен бекітілген кестеге сәйкес кездесуі қажеттілігін Қоғамның қарастыруы қажет.</p>
2.	<p>Директорлар кеңесі құрамының іс-тәжірибе, жеке бас мінез-құлықтары және гендерлік құрам бойынша әр алуандығын қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің құрамына қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қарауды қамтамасыз ету үшін тәуелсіз директорлардың жеткілікті саны кіруі тиіс. Компанияның Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейін</p>	<p>ДК сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, ДК Төрағасын, оның мүшелерін сайлау (тағайындау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар ДК мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағандықтары үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын анықтау Акционердердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жарғысына, Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережеге және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ корпоративтік басқару кодексіне және Қордың тиісті ережелеріне сәйкес орындалады. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 7 адам құрайды. Құрамның кемінде 30 пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс (7 мүшенің 3-үі тәуелсіз директор болып табылады). Қоғамның ДК құрамының гендерлік белгі бойынша әр алуандығы сақталмайды. Қоғамның белгіленген тәртіпте директорлар кеңесінің әйел мүшелерін тарту мүмкіндігін қарастыруы қажет.</p>

3.	<p>Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшелерін айқын және мөлдір процедуралар негізінде кандидаттардың құзыреттерін, машықтарын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби іс-тәжірибесін ескерумен сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін және оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлаған жағдайда олардың үлестері мен ұйымның Директорлар кеңесінің қызметінің тиімділігі назарға алынады</p>	<p>ДК сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, ДК Төрағасын, оның мүшелерін сайлау (тағайындау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар ДК мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағандықтары үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын анықтау Акционердердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Жарғысына, Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережеге және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ корпоративтік басқару кодексіне және Қордың тиісті ережелеріне сәйкес орындалады. Сонымен бірге сабақтастық жоспарын құрудың нақтыланған процедурасы мен Қоғамның ДК мүшесі лауазымына кандидаттар пулын жасақтау процедурасы жоқ. Сабақтастық жоспарын/сабақтастық жоспарын құру әдіснамасын озық халықаралық іс-тәжірибелерді ескерумен әзірлеп, Қоғамның уәкілетті органының қарауына шығару керек. Сабақтастық жоспары Қоғамда әзірлену сатысында және Қоғамның Директорлар кеңесіне жүргізілген тәуелсіз бағалаудың негізінде құрылуда.</p>
4.	<p>Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесінің қызметі мен оның құрамының прогрессивті жаңартылуының үздіксіздігін қолдау үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығы жоспарының бар болуын қамтамасыз ету қажет</p>	<p>Сабақтастық жоспарын/сабақтастық жоспарын құру әдіснамасын озық халықаралық іс-тәжірибелерді ескерумен әзірлеп, Қоғамның уәкілетті органының қарауына шығару керек. Сабақтастық жоспары Қоғамда әзірлену сатысында және Қоғамның Директорлар кеңесіне жүргізілген тәуелсіз бағалаудың негізінде құрылуда.</p>
5.	<p>Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу деңгейі ұйымды табысты басқару үшін талап етілетін деңгейдегі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту, ұстап тұру және ынталандыру үшін жеткілікті болуы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу Қормен әзірленетін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің құрамына бұл тұлғаның қатысуынан ұйым үшін күтілетін оң әсер назарға алынуы тиіс. Бірнеше акционерден тұратын ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің тиісті қағидалары Қордың әдіснамасы негізінде әзірленеді және Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітіледі. Ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті тәуелсіз директорлыққа кандидаттардың сыйақысының мөлшері жөнінде ұсыныстар енгізеді</p>	<p>Компанияның ДК тәуелсіз директорларына «Самұрық-Қазына» АҚ әдіснамасына сәйкес сыйақы төленеді. Сыйақы мөлшері Компанияның Жылдық есебінде ашып көрсетіледі.</p> <p>«Самұрық-Қазына» АҚ «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ Компанияларының тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларын бекітті.</p> <p>Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу саясатында Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырыстарының 50%-дан кеміне қатысқан жағдайда немесе сырттай дауысқа салынған сұрақтардың 50%-нан кемі бойынша толтырылған бюллетень ұсынған жағдайда сыйақы төлеу қарастырылған. Сонымен бірге, бұл құжат Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілмеген. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу саясатын әзірлеп, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына шығару ұсынылады.</p>


<p>6.</p>	<p>Бірнеше акционерден тұратын ұйымдарда Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеудің тиісті қағидалары Қордың әдіснамасы негізінде әзірленеді және Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітіледі</p>	<p>«Самұрық-Қазына» АҚ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Компанияларының тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларын бекітті. Сонымен бірге, бұл қағидалар Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілмеген. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу саясатын әзірлеп, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына шығару ұсынылады.</p>
<p>7.</p>	<p>Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстары нышанының екеуін де үйлестіруге болады. Бұл Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына өзі қатыса алмайтын жағдайларға қатысты. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум оның мүшелерінің кемінде жартысын құрайды және Директорлар кеңесінің қаралып жатқан сұрақтарды талқылауға және дауыс беруге техникалық байланыс құралдарын пайдаланумен (бейнеконференция, телефон конференцбайланысы және т.б.) қатысатын, не болмаса олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары бар мүшелерін ескерумен анықталады</p>	<p>Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум, Директорлар кеңесінің техникалық байланыс құралдарын (яғни, бейнеконференция, телефон конференцбайланысы сеансы режимінде және т.б.) пайдаланатын мүшелерін қоса, оның мүшелерінің кемінде жартысын құрайды. Кворум Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін олардың осы Ережеге №4 қосымшаға сәйкес жазбаша түрде білдірілген дауыстары бар болған жағдайда ескерумен анықтала алады. Кворумды және дауыс беру нәтижелерін анықтау кезінде бұл пікір күн тәртібінің тек Директорлар кеңесінің мүшесінің дауыс беру нәтижесі бар сұрақтары бойынша ғана ескеріледі. Сонымен бірге, Қоғамның Жарғысына сәйкес, техникалық байланыс құралдарын пайдалану сырттай дауыс беру нышанына теңестіріледі. Қоғамның Қоғам Жарғысына тиісті өзгертулер енгізуі қажет. Тиісті өзгерістер Қоғам акционерлерінің 2018 жылдың қорытындысы бойынша жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілген.</p>

Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкессіздікке қатысты Компанияға ықтимал теріс ықпал

Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында гендерлік әралуандық қағидатын сақтаудың сәйкессіздігі, Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығы жоспарын құрудың және оларға сыйақы төлеудің мөлдір тетігінің жоқ болуы себепті Қоғамның инвестициялық тартымдылығының төмендеуі корпоративтік басқарудың осы аспектісіндегі жеткіліксіз мөлдірліктің салдары болуы мүмкін.

VI. Тәуекелдерді бағалау, ішкі бақылау және аудит

Төменде Кодекстің «Тәуекелдерді бағалау, ішкі бақылау және аудит» тарауы бойынша талдау нәтижелері берілген.



Талдау нәтижелері бойынша Қоғамда корпоративтік басқарудың осы тарау бойынша ағымдағы тәжірибесі Кодекс талаптарына 98% сәйкес келеді. Соның ішінде, Қоғам Кодекстің келесі негізгі талаптарын орындайды:

Компанияның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары


1. Тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметінің және даму стратегиясының негіз құраушы элементі болып табылады. Тәуекелдерді дәл және уақытылы айқындау, бағалау, мониторингтеу және оған жауап қату басқарудың барлық деңгейлерінде шешім қабылдауға және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметінің стратегиялық мақсаттары мен негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да тәуекелдерді басқару бойынша қызметті ұйымдастыру үшін жауапты құрылымдық бөлімше құрылған, ол Қоғамның тәуекелдерін басқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырады. Қоғамның кәсіпорындарында тәуекелдерді басқару үшін жауапты жекелеген құрылымдық бөлімшелер құрылған немесе тәуекел менеджерлері тағайындалған.
2. Қоғамның Басқармасы тиімді ТБЖ мен ІБЖ құру үшін жауапкершілікте. Тәуекелдерді басқару процесі Қоғамның: стратегиялық жоспарлау, операциялық қызмет, инвестициялық қызмет, несиелік қызмет, бюджеттеу, персоналды уәждеу сияқты негізгі бизнес-процестерімен өзара әрекеттесуге негізделеді.
3. Қоғамда сапалы және сандық тәуекел-тәбеттер, тәуекелдер регистрі мен картасы бекітіледі. Тәуекелдер регистрінің шеңберінде негізгі тәуекелдерге қатысты төзімділік деңгейлері қарастырылған.
4. Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне шығарылатын тәуекелдер бойынша негізгі сұрақтардың барлығы алдын ала Қоғамның ДК жанындағы Аудит комитетімен қаралады. Ішкі аудит комитетінің барлық ескертулерімен және ұсыныстарымен жұмыс атқарылғаннан кейін ғана құжат Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. Қоғамның Комитетінің және Директорлар кеңесінің барлық отырыстары тиісті түрде хаттамаланады.
5. Қоғамның жұмыскерлері мен лауазымды тұлғалары Аудит комитетіне/ДК Қоғамның сенім телефоны – «жедел желі» арқылы тәуекелдерді басқару немесе ішкі бақылау процедураларын немесе басқа саясаттарды бұзу туралы, сонымен қатар алаяқтық, ҚР заңнамасын бұзу туралы құпия мәлімдеуге құқылы.
6. ІАЖ туралы ережеде Директорлар кеңесіне функционалды есептілік қарастырылған. Директорлар кеңесі функционалды есептілікті жылдық және стратегиялық жоспарды, бюджетті, ІАЖ құрамын, еңбекақы төлеу шарттарын бекіту жолымен қамтамасыз етеді. Ереже ІАЖ ішкі аудиттің көлемдерін анықтау, жұмыстарды жүргізу және нәтижелер туралы есептілік ұсыну процесіне үшінші тараптардың араласпауын анықтайды. ІАЖ басшысы араласудың орын алғандығы туралы ДК-не ақпарат ұсынуы және болуы мүмкін салдарды талқылауы тиіс

Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкессіздікке қатысты Компанияға ықтимал теріс ықпал

Жоқ.

VII. Мәлдірлік

Төменде Кодекстің «Мәлдірлік» тарауы бойынша талдау нәтижелері берілген.



Талдау нәтижелері бойынша, Қоғамда корпоративтік басқарудың осы тарау бойынша ағымдағы тәжірибесі Кодекс талаптарына 97% сәйкес келеді. Соның ішінде, Компания Кодекстің келесі негізгі талаптарын орындайды:

Компанияның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары

1. Қоғамда ДК 6.12.2018 №11/18 шешімімен бекітілген «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ақпаратын ашып көрсету» қағидалары қолданылады.
2. Қоғамда Басқарманың 29.01.2015 №52 шешімімен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ құпия ақпаратын құрайтын құжаттар мен мәліметтер тізбесі» бекітілген, сонымен қатар әр жұмысшы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ құпия ақпаратын құрайтын мәліметтерді жарияламау туралы Міндеттемеге қол қояды. Комплаенс қызметі Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғаларды тұрақты есепке алуды және и мониторингтеуді жүргізеді.
3. Қаржылық есептілік талаптарға сәйкес жарияланады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акцияларына қор биржаларында баға кесіледі. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ АIX және LSE листингтеріне енгізілген. Компанияның интернет ресурсында сайттың АIX және LSE қағидаларына сай қажетті ақпарат (үш тілде) орналастырылған және жауапты тұлғалардың байланыс деректері көрсетілген «Инвесторларға» атты жеке бөлімі бар. Қоғамда Басқарманың 26.05.2016 №155 шешімімен бекітілген БАҚ-тарда ақпаратты ашып көрсету қағидалары қолданылады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ интернет-ресурсында ақпарат орналастыру Қоғамның ДК 6.12.2018 №11/18 шешімімен бекітілген Ақпаратты ашып көрсету қағидаларымен регламенттелген. Ақпаратты Қоғамның акциялары орналастырылған биржалардың талаптарын ескерумен ашып көрсету тиісті кестесі құрылған. Қоғамда сонымен қатар Қоғамның ДК 19.10.2018 жылғы № 9/18 шешімімен бекітілген Ақпаратты ашып көрсету саясаты қолданылады.
4. Кодекс ережелеріне және озық әлемдік іс-тәжірибеге сәйкес Қоғам тұлғалардың кең тобы үшін жылдық есеп (кіріктірілген жылдық есеп) дайындайды
5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті аудиттеуді қамтамасыз етеді. Қаржылық есептілікті жыл сайынғы аудиттеу тәуелсіз аудитор – біліктілігі жоғары аудиторлық ұйым мамандары; қазақстандық, сол сияқты халықаралық нарықтағы жұмыс тәжірибесі; сала бизнесі бойынша білімі; қазақстандық, сол сияқты халықаралық нарықта оң беделі бар; сырт тұлға ретінде Мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің шынайылығы және оның ХКЕС талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір ұсынатын халықаралық аудиторлық ұйымды тартумен жүргізіледі.
6. Қоғамның сыртқы аудиторын таңдау конкурс негізінде жүзеге асырылады. Аудиторлық ұйымды таңдау процедурасы «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) Басқармасының 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на меншік құқығымен немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйым таңдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Аудит комитетінің мүшелері сыртқы аудитор таңдау жөніндегі конкурстық комиссияның құрамына кіреді және конкурс нәтижелерін бағалау процесіне қатысады. Директорлар кеңесінің Аудит комитетінің сыртқы аудитор қызметтеріне ақы тағайындау және оның мөлшері бойынша ұсыныстары Директорлар кеңесіне және Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылады. ДК Аудит комитеті Компанияның Директорлар кеңесіне аудиторлық ұйымға төлемақы мөлшері, аудит мерзімдері және аудиторлық ұйымды таңдауды ұсынады.
6. Корпоративтік сайтта Қоғам: қаржылық есептілікті аудиттеу қызметтерін көрсеткен аудиторлық ұйымдардың атауларын; аудиторлық ұйымға келісімшарт бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпаратты; аудиторлық ұйымды анықтау туралы, аудиторлық ұйымның негізгі персоналын алмастыру, аудиторлық ұйымның қаржылық есептілікті аудиттеумен байланысты емес қызметтерін мақұлдау туралы және аудиторлық ұйымның бұрынғы қызметкерлерін жұмысқа қабылдау туралы ақпарат бар «Аудиторлық ұйымдардың қызметін тарту облысындағы саясатты» (ДК 19.02.2019 №1/19 хаттамасы) ашып көрсетеді. Қоғамды аудиттеуді оның үлестес тұлғасы және оның менеджменті болып табылмайтын аудиторлық ұйым жүзеге асырады. Сыртқы аудитор 2018 жылы компанияға консультациялық қызметтер, сонымен қатар құны аудиторлық ұйымға төленетін сыйақының жалпы құнының 10%-нан аспайтын семинарлар өткізу бойынша қызметтер көрсеткен жоқ. Аудиторлық командалардың бұрынғы мүшелерін олар аудиторлық ұйымнан жұмыстан шыққаннан 2 жылдан кем уақыттан кейін басшы лауазымдарына немесе қаржылық есептілікті дайындау процесіне елеулі ықпалы бар лауазымдарға қабылдау жағдайлары болған жоқ. Аудит бойынша әріптесті алмастыру аудиторлық ұйымның мұндай жұмыскерінің әріптестігі бес жылдық шекке жеткен жағдайда жүргізіледі, алайда айрықша жағдайларда, Директорлар кеңесінің Аудит комитетімен келісу бойынша, аудит бойынша әріптестің қызметі екі жылға дейін қосымша мерзімге, аудит бойынша әріптес осы позицияда жалпы алғанда жеті жылдан аспайтын уақыт болатындай ұзартыла алады.

*Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкессіздікке қатысты Компанияға ықтимал теріс
ықпал*

Жоқ.